ALTYNSARIN AKADEMIASY

2025–2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІ ЕНГІЗУДІҢ

КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ТӘСІЛДЕРІ



Қазақстанның оқу бағдарламаларына ЖИ-ні кіріктіру – бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған және мемлекеттік бастамалар арқылы қолдау тапқан стратегиялық басымдық болып табылады.

2018 жылы жарияланған ЮНЕСКО-ның «ЖИ игілік үшін» қағидаттары

Нормативтік база және халықаралық бағдарлар

а) Қазақстан Республикасының заңдары 6 «Білім туралы» (5-баптың 14) тармақшасы; 14-баптың 2-тармағы); «Жеке деректер және оларды қорғау туралы».

ә) Қосалқы нормативтік құқықтық актілер ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы (2024 жылғы 24 сәуірдегі редакция) «Педагогикалық этика мәселелерінің кейбірі туралы»; ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы «Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» (ЖИ-этикасы бойынша оқу модульдері үшін рәсімдік база).

б) ҚР стратегиялық құжаттары Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы; «Цифрлық ұлт» бағдарламасы (2023–2029).

в) Халықаралық бағдарлар ЮНЕСКО-ның «ЖИ этикасы жөніндегі ұсынымы» (2021);
ЮНЕСКО «ЖИ және білім беру: саясаткерлерге арналған нұсқаулық» (2021);
ЭЫДҰ (OECD) «ЖИ қағидаттары» (2019);
ЮНИСЕФ «Балаларға арналған ЖИ жөніндегі саясаттық нұсқаулық» (2020).

Жасанды интеллект (ЖИ/ ИИ/ AI)


Нейрондық желілер



Нейрондық желілер не үшін қажет?

- Жіктеу
- Болжау
- Тану





- The New York Times

Google Maps



ҚР орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті (ЖИ) этикалық қолдану жөніндегі Нұсқаулық оқу процесінде ЖИ ды ашық, қауіпсіз және кемсітусіз пайдалануды қамтамасыз ететін қағидаттар, тәртіптер мен тәсілдерді айқындайды.

Мақсаты

- жасанды интеллектті (ЖИ) мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттестікті тереңдететін, педагогикалық шеберлікті шыңдайтын және оқу процесін байытатын құралға айналдыру.

Генеративті жасанды интеллект (ЖИ)	Пайдаланушы енгізген сұраныс негізінде жаңа контент (мәтін, бейне, аудио, бағдарламалық код) тудыра алатын жасанды интеллект түрі
Цифрлық ортадағы этикалық нормалар	Онлайн кеңістікте тұлғаға құрметті, адалдықты жәнеалгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ететін қағидалар жиынтығы
ЖИ «галлюцинациясы»	Модель шынайы естілетін, бірақ жалған ақпаратты болмаған фактілерді не қолдан жасалған дереккөздерді тудыратын жағдай

1️⃣ Runway — создание рилс

2️⃣ Notion — написание контент-плана

3️⃣ CyberVoice — озвучка текста твоим голосом

4️⃣ Midjorney — создание картинки

5️⃣ Brandmark — создание логотипа

Copilot, Gemini, ChatGPT

Түсінікті ережелер. 1.09.2026 дейін

«ЖИ-ді жауапты пайдалану кодексі»

Генеративті ЖИ сервистері дәуіріндегі академиялық адалдық.

Оқушының жеке үлесі мен ЖИ нәтижесі арасындағы айырмашылық айқын көрсетіледі.

Мұғалімдер сабаққа дайындалу мен тапсырмаларды тексеруде ЖИ дің рөлін ашық түсіндіреді.

Көрсеткіш: академиялық адалдыққа қатысты бұзушылықтар санының қысқаруы.

Дербес деректерді сенімді қорғау.

Педагог сыртқы платформаға кез келген деректі жүктемес бұрын, ***«Қандай дерек? Қайда сақталады? Кім қол жеткізе алады?»*** деген үш тармақтан тұратын бақылау парағымен тексереді. **Көрсеткіш:** елеулі инциденттердің болмауы; оқиға орын алған жағдайда, 72 сағат ішінде хабарлау.

Құзыретті педагог.

2026–2028 жылдар аралығында мұғалімдердің ЖИ сауаттылығы кезең-кезеңімен 40% → 60% → 80% деңгейіне жеткізіледі. Бұл сауаттылық сервистерді сабаққа бейімдеу, ЖИ моделінің «галлюцинациясын» (негізсіз ақпарат беруін) тану және сыныптағы оқушыларды осыған үйретуді қамтиды.

Педагогтар мен білім алушылар үшін күтілетін нәтижелер

Педагог нақты тірек алады: **сұраныс (промпт)** үлгілері, ЖИ-дің рұқсат етілетін қатысу деңгейлері шкаласы, айқын бағалау критерийлері. Сыныптағы түпкілікті шешім мұғалімде қалады.

Білім алушы ЖИ-ді **«сиқырлы батырма»** емес, көмекші ретінде қабылдайды: генерацияланған мәтінді сыни тексереді, оны дұрыс дәйексөз келтіреді және авторлық құқықты құрметтейді.

Нәтиже: түсінбеушіліктер азаяды, механикалық көшіру қысқарады, екі тараптың да мағыналы, саналы жұмысы артады.

Мұғалім - ЖИ-ді этикалық енгізудің негізгі тұлғасы. Ол тек технологияларды пайдаланушы ғана емес, құндылықтарды таратушы, әдістемелердің авторы және оқушылар мүддесінің қорғаушысы. Жасанды интеллект дәуірінде педагог орталық тұлға ретінде қалады: ЖИ білім беруді күшейте ме, әлде оның мәнін алмастырып жібере ме - бұның көпшілігі мұғалімге байланысты. ЖИ дәуіріндегі жауапкершілік - тек ЖИ-құралдарын білумен шектелмейді. Бұл - өз бетінше шешім қабылдай алу және технологияларды қай жерде орынды қолдану, қай жерде - орынсыз екенін түсіне білу қабілеті.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЖАУАПТЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Адам мүддесін бірінші орынға қою және тұлғаны дамытуға басымдық беру

- Мектептегі кез келген технология баланың дамуына оның ойлауына, танымдық қызығушылығына және әлеуметтік дағдыларына қызмет етуі тиіс. **ЖИ тек құрал**; түпкілікті шешім адам тарапынан қабылданады, ал мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей қарым-қатынас сақталады.
- **Сыни ойлауды дамыту** Жасанды интеллект (ЖИ) дайын жауап берген кезде, оқушының сыни ойлау қабілеті төмендеп, өздігінен шешім қабылдау мүмкіндігі шектелуі мүмкін. Мұғалімнің міндеті ЖИ ұсынған шешімнің негіздемесін талдауға көмектесу, сондай-ақ, келіспеушілік туындаған жағдайда дұрыс әрекет ету жолдарын көрсету. Бұл оқушының ой-өрісін кеңейтіп, терең талдауға үйренуі үшін маңызды.
- **Эмоциялық әл-ауқат** Бала үшін шынайы ересек адамның қолдауын сезіну маңызды. ЖИ көмекші жаттығуды бейімдей алады, бірақ оқушының көзіндегі алаңдаушылықты немесе шабытты дер кезінде байқай алмауы мүмкін.

1-деңгей ЖИ қолданылмайды	2-деңгей ЖИ көмегімен идея ойлау	3-деңгей ЖИ қолдауымен алғашқы нұсқа	4-деңгей ЖИ-мен бірлескен жасау	5-деңгей ЖИ тең автор
• Ешбір ЖИ құралы қолданылмайды. • Оқушы тек өз білімі мен дағдысына сүйенеді	• ЖИ идея ұсынуға көмектеседі. • Қорытынды мазмұнды оқушы **өзі** жасайды (ЖИ тікелей мәтін/код жазбайды). • ЖИ көмегі **ашық көрсетіледі** (disclosure).	• ЖИ алғашқы нұсқаларды әзірлеуге көмектесуі мүмкін. • Соңғы нұсқа оқушы тарапынан **елеулі түрде өңделеді**. • ЖИ үлесі мен оқушы үлесі **айқын бөлінуі** тиіс.	•ЖИ-генерацияланған контентті қосуға болады. • Оқушы ЖИ үлесін **сыни бағалап, редакциялайды**. • ЖИ қолданылуы **ашық көрсетіліп, дәйексөз келтіріледі**.	• Контент жасауда ЖИ кең көлемде пайдаланылады. • Оқушы ЖИ қолданудың **негіздемесін** береді және **өзіндік ойды** сақтайды. • Жұмыс академиялық адалдық қағидаттарына сай рәсімделеді (дереккөздер дұрыс көрсетіледі).

Оқу үдерісінде жасанды интеллектіні этикалық қолдану мысалдары:

Жағдай / пән	**Мақсат (құзыреттер)**	**Мұғалім не істейді**	**Оқушы не істейді**
1) Әдебиет: эссе жоспарлау	Сыни ойлау; құрылым құру; академиялық адалдық	1) Чат-боттан 3 ықтимал жоспар сұрайды. 2) Сыныпқа көрсетіп, сүзгі-сұрақтар қояды: «Қайсысы саған жақын? Нені алып тастау/қосу керек?». 3) Әр оқушыға жоспарды өз үәжімен бейімдеуге көмектеседі. (Офлайн балама: үш жоспарды тақтада бірге құру)	1) Жоспардың бірін таңдайды, **өз тезистерімен** толықтырады. 2) Басында **ашық көрсетеді (disclosure):** «ЖИ идея/құрылым алуға пайдаланылды». 3) 3–4 сөйлемдік рефлексия жазады: «ЖИ қалай көмектесті?»

Қазіргі таңда білім беру жүйесі жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының қарқынды дамуымен байланысты жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Біздің басты міндетіміз – осы өзгерістерді білім сапасын арттыру үшін тиімді пайдалана отырып, академиялық адалдық пен авторлық құқық сияқты іргелі құндылықтарымызды сақтап қалу. Осыған байланысты, мектептер оқу процесінде ЖИ-ді этикалық тұрғыдан қолдануды реттейтін нақты ережелер мен ортақ бағдарларға мұқтаж.